

мемлекеттік мекемесінің бірінші директоры Александр Филиппович Сапелкиннің кітапхана саласына қосқан үлесі;

- кітапхана мен кітапхана қызметкерлерінің имиджін нығайту;
- кітапханалық кәсіби жастар қоғамын қалыптастырып, тәжірибе алмасып, біліктілікті арттыруға ықпал ету;
- озық технологиялардың жетістіктері мен алдыңғы ұрпақтардың үлестерін ескере отырып, пайдаланушыларға кітапханалық қызмет көрсетуге заманауи көзқарас;
- көру қабілеті бұзылған азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырудағы бұқаралық іс-шаралардың рөлі және Қазақстан Республикасының белгілі классиктері мен қазіргі әдебиет қайраткерлерінің шығармашылығын насихаттау;
- Александр Филипповичтің кітапхана мамандарын дайындаудағы тәрбиелік сабақтары.

Шаралар топтамасы:

«Өмірі – өнеге, ісі – үлгі» атты халықаралық онлайн-конференция. Пленарлық отырыс. Баяндамалар тыңдалымы. Александр Филиппович Сапелкиннің туғанына 85 жыл толуына орай кітап көрмесі. Брайль жүйесі бойынша (НБҚ, ЖБҚ) басылып шығарылған «Биобиблиографический указатель, посвященный 85-ой годовщине со дня рождения Сапелкина Александра Филипповича» биобиблиографиялық көрсеткішінің тұсаукесері өтеді.

3. Конференцияға қатысушылар

Халықаралық онлайн-конференция жұмысына Қазақстаннан және шекаралас мемлекеттерден кітапхана саласының мамандары қатысады.

Іс-шараны ұйымдастырушылар комитеті барлық келіп түскен баяндамаларды 2023-ші жылдың 16-шы қарашасынан қабылдай бастайды.

Регламент: Құттықтау сөз – 5 минут. Баяндаманың уақыты 7 минут. А4 форматындағы мәтін көлемі 3 беттен аспауы керек.

Баяндаманы рәсімдеу талаптары:

Қаріп Times New Roman, 14 шрифтімен.

Баяндама дайындағандар «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің Алғыс хаттарымен марапатталады.

Халықаралық онлайн-конференция ережесі «ЗНҚААРК» РММ ресми сайтында (<http://www.blindlib.kz>.) орналастырылады.